


**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының  
№ 3 хаттамасы**



2025-2026 оқу жылы

## **Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 3 хаттамасы**

**Күні:** 15 ақпан 2026 жыл

**Тақырыбы:** «Педагог және бала» қарым-қатынас жүйесіндегі әдептілік көзқарастары»

**Мақсаты:** Педагог пен бала арасындағы құрметке негізделген, гуманистік және қауіпсіз қарым-қатынасты қамтамасыз ететін әдептілік принциптері мен нормаларын қарастыру, педагогикалық ортада жағымды моральдық-психологиялық ахуалды нығайту.

**Қатысқандар:** меңгеруші, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері - 6 адам.

**Қатыспағандар:** педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 1 мүшесі

### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Кеңес төрағасының кіріспе сөзі.
2. «Педагогтің баламен қарым-қатынасының әдептілік принциптері» тақырыбындағы негізгі баяндама.
3. Тәжірибеден алынған типтік және даулы жағдаяттарды талдау.
4. Педагогикалық ортада әдептілік тұрғыдан сауатты қатынастарды нығайту бойынша ұсыныстар қабылдау.

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

#### **1. Кеңес төрағасының кіріспе сөзі**

Кеңес төрағасы өз сөзінде күнделікті тәжірибеде педагогикалық әдепті сақтау – кәсіби мәдениеттің ажырамас бөлігі екенін атап өтті. Педагог пен бала арасындағы қарым-қатынас тек білім беру үдерісі емес, сонымен қатар тұлғаны қалыптастырудың негізгі тетігі екені айтылды.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – баланың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты. Әр педагог өзінің сөзін, іс-әрекетін, дауыс ырғағын және эмоциясын қадағалап, баланың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі тиіс екені еске салынды.

#### **2. «Педагогтің баламен қарым-қатынасының әдептілік принциптері»**

Баяндамашы өз сөзінде педагогтің кәсіби қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттарына, соның

ішінде Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы керектігін атап өтті.

Баяндама барысында төмендегі мәселелер жан-жақты қарастырылды:

▪ **Гуманизм және баланың жеке тұлғасын құрметтеу**

- Әр бала – қайталанбас жеке тұлға.
- Баланың пікірін тыңдау, оның сезімін түсіну және қолдау көрсету.
- Баланың жас ерекшелігі мен психологиялық жағдайын ескеру.

▪ **Сенім білдіру қағидаты**

- Баланың мүмкіндігіне сену арқылы оның өзіндік бағасын арттыру.
- Қателікті жазалау емес, түсіндіру және бағыттау арқылы түзету.

▪ **Педагогикалық әдептілік нормалары**

- Эмоционалды ұстамдылық сақтау.
- Әділеттілік және бейтараптық.
- Баланы кемсітуге, қорлауға, көпшілік алдында сынауға жол бермеу.

▪ **Эмоционалды және психологиялық қысымның алдын алу**

- Қатты дауыс көтермеу.
- Қорқыту, салыстыру, кемсіту тәсілдерін қолданбау.
- Қолайлы психологиялық орта қалыптастыру.

Баяндамашы педагогтің кәсіби беделі – оның адамгершілік ұстанымдары мен әдептілік мәдениетіне тікелей байланысты екенін атап өтті.

### **3. Тәжірибеден алынған типтік және даулы жағдаяттарды талдау**

Кеңес барысында бірнеше жағдаяттар қарастырылды:

**Жағдаят 1:** Бала ұйымдастырылған іс-әрекеттің кезінде тәртіп бұзды. Педагог эмоцияға беріліп, дауысын көтерді.

**Талқылау нәтижесі:** Мұндай жағдайда педагог эмоционалды тұрақтылық сақтап, баламен жеке сөйлесу әдісін қолдануы тиіс. Қоғам алдында ұрысу – баланың психологиялық жай-күйіне кері әсер етеді.

**Жағдаят 2:** Ата-ана баласының мінез-құлқына қатысты шағым айтты.

**Талқылау нәтижесі:** Педагог ата-анамен сыпайы, дәлелді және конструктивті диалог құруы қажет. Қарым-қатынаста кәсіби әдептілік сақталуы тиіс.

**Жағдаят 3:** Балаларды бір-бірімен салыстыру жағдайы.

**Талқылау нәтижесі:** Салыстыру баланың өзін-өзі бағалауына зиян келтіреді. Әр баланың жетістігі жеке бағалануы тиіс.

Талқылау барысында педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, тиімді шешу жолдарын ұсынды.

#### **4. ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. Педагогикалық әдеп нормалары күнделікті қызметте қатаң сақталсын.
2. Баланың жеке тұлғасын құрметтеу және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету өз жалғасын тапсын.
3. Эмоционалды қысым көрсетуге жол бермеу, педагогтердің эмоционалды күйзелісінің алдын алу мақсатында психологиялық қолдау жұмыстары жалғастырылсын.
4. Даулы жағдаяттар туындаған жағдайда мәселені конструктивті жолмен шешу алгоритмі қолданылсын.
5. Әдеп мәдениетін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу семинарларын жүйелі өткізілсін.

**Педагогикалық әдеп жөніндегі  
кеңестің төрайымы:**

**Хатшы:**



Г.М. Тукенова

А.Н. Рабатова